

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Есік педагогикалық колледжі

# КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Баспауыш мектеп мұғалімі

Пән: Педагогика

Жетекшісі: Қилыбаева Г.Қ.  
Орындаған: Аманбаева Н.Ж.  
41-топ студенті

Есік 2006 ж

# Теориялық бөлім

# Практикалық бөлім

# Жоспар:

1. Мұғалім, оның қоғамдағы алатын орны
2. Қазіргі кезеңдегі мұғалімге қойылатын талаптар
3. Бастауыш мектеп мұғалімі
4. Мұғалімнің сабаққа дайындығы
5. Мұғалімнің мәдениеті

Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына  
жолдауы

Төртінші басымдық

Осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі

4.1. Осы заманғы білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамыту

Білім беру реформасы- Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі.

Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет.

Сондықтан он екі жылдық оқуға көшу шеңберінде техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарында одан әрі оқуды таңдағысы келетіндерге он жылдық орта білім беруді жоққа шығаруға болмайды. Адамның өмір бойы білім алуы үшін жаздай туғызуымыз керек.

Жоғары білім алығысы келетін адамдар үшін мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен 12 жылдық білім алу жөніндегі ұсыныстар әзірленуге тиіс.

Жоғары білім беру сапасында техникалық білім беруді дамытуға ерекше назар аудара отырып, жоғары оқу орындары желісінде оытайландыру жүргізілуге тиіс. Осы заманғы мемлекеттік менеджерлер даярлау үшін Мемлекеттік басқару академиясының негізінде шетелдік серіктестердің қатысуымен ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ұлттық басқару мектебі құрылуы қажет.

ЖОО-лардың мәртебесі мамандыққа қарай мемлекеттік гранттардың құнын саралауды ойластыруымыз керек.

Мұғалім – бұл арнайы даярлығы бар және және педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын кәсіпкер адам.

Мұғалім – жоғары білім беретін әр түрлі типтердегі мектептерде оқушылар мен оқу тәрбие жұмысын жүргізетін маман;

- дүниеге ғылыми дидактикалық материалистік көз қарасты, әлеуметтік, психологиялық педагогикалық даярлықты, жоғары адамгершілік сапасын, қоғамдық белсенділікті, оқушыға және мамандыққа деген сүйіспеншілікті, дербес білім алу мен өзін өзі тәрбиелеу жолдарын, қажеттілігін игерген біздің заманымыздың алдыңғы қатарлы адамы.

Мұғалім – оқыту мен тәрбиелеу процесіне ғылым жетістіктерін әлеуметтік қоғамдық жаңалықтарды қабылдап, игеріп, енгізуші, жеткіншек ұрпақпен белгілі бір қатынаста болатын белсенді әрекеттесісі. Мұғалім сөзінің мәні, ол атқаратын қызметпен айрындалады.



Педагог-оқу орындарында, мектепке дейінгі және басқа мекемелерде сабақ немесе тәрбие жұмысын жүргізетін кісі.

- ақылшы ұстаз, баланы тәрбиелейтін, оқытылатын адам, маман.

Педагогикалық әдеп - әр түрлі әрекет саласына педагогтің балалар мен қарым-қатынастың принципті шамасын сақтау, оқушылармен байланысты олармен тәрбиелік қатнас жүйенің дұрыс таңдай білуі.

Педагогикалық мораль – мұғалім тәртібінің, мінез құлқына, өзін-өзі ұстау, қарым-қатынас жасау мәдениетіне қойылатын белгілі бір талап тұлғалардың, қалыда мен ережелердің, қалыптың мазмұндық ой-тұжырымдардың жүйесі, жиынтығы.

Педагогикалық стиль – мұғалім дұрыс тәжірибесінде қалыптасқан педагогикалық шеберлікке тән сипат.

Ғстаздық шеберлік – балаларды сүйетін жүрек қалауымен істейтін әрбір педагогтік қол жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отырылатын өнер.

## **Мұғалімнің қоғамдағы алатын орны**

Мұғалімнің қоғамда алатын орны зор. Олай болса, оның себебі мұғалімнің еңбегі өте жауапты, әрі күрделі. Өйткені ол жас ұрпақтың болашақ тағдыры үшін өзін жауапты сезінеді, оның тәртібі, білімі, қоғамнан алатын орны, адамгершілігі, белсенділігі, іскерлігі үшін күресетін, оның жүрегіне жол тауып, оның жас дүниесінің таза, қоғам үшін жас тәнімен еңбек етуге құштарлығын оятатын, білімге деген ішкі қажеттігін оятырып, баланы білімге ұмтылдырып, талпындыратын мұғалім. Оны осы қасиеттері үшін адам жанының инженері деп атайды. Қоғам мұғалімге балаларды сеніп тапсырады, оларға ықпал жасап тәрбиелеуді, дүниеге көзқарасын дамытып, қалыптастыруды сеніп тапсырады. Мұндай орасан сенім мұғалімдерге қоғам алдында ұлы жауапкершілік жүктейді.

Қазақтың қазіргі сынып сабақ жүйесіне негізделген ғылыми педагогиканың негізін салушы Ы.Алтынсарын мұғалімнің қоғам алдындағы рөлі қарапайым, әрі нақтылы етіп айта келіп, кезінде «...Салым жатқан үйдің жақсы болуы, оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатынына байланысты болатын сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде, қазақ мектептерінің бар келешегі көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты. Сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәріден де қымбат көремін ...», - деген пікірі қазақ халқының мұғалімге қоятын талабы ретінде естіледі.

Мұғалім мамандығы - өте жауапты және игілікті мамандықтың бірі. Әрине, ол материалдық игіліктерді өндіретін орындарда істемейді, технологиялық процесті жетілдіру ісіне де тікелей қатынаспайды. Бірақ мұғалім өндіргіш күштердің дамуына және халықтың материалдық игілігінің дамылсыз өсуіне әсер етеді. Ол

қоғамның ең басты өндіргіш күштерін – жеке адамды оқытып тәрбиелеп дамытатын және қалыптастыратын басты тұлға.

Мұғалім қызметінің табысты болуы оның өз қызметінің мәнін жете түсіндіруде, оқушыларға саналы тәрбие, жаңа-жаңарты білім береді, олардың көз қарасын қалыптастырады, дүние танымын дамытады, өмірге, еңбекке қоғамға деген қатынасын тәрбиелейді.

Мұғалім мамандығы – ең ардақты әрі қадірлі мамандық. Өйткені мұғалім әр адамның бойына білімнің жарық сәулесін құяды, өмірді, өзін қоршаған ортаны түсініп білуге, табиғаттың сырларын ұғып, жұмбақтарын шешуге жердесін оятып, білуге деген құштарлығын / оятады ұштайды. Алдына келген жас сәбиге қаламды қалай ұстаудан бастап, таяқша сызуды, әріптен сөз құрап жазуды, оқым, санауды үйретеді, оның алдынан кітаптың құпия сырын ашып білімнің есігін ашып, енгізіп, оның жердесіне білімнің шамшырағын жазып жарыққа жетелейді. Сондықтан оның есінде ұзақ сақтайды. Мұғалім мектептегі басты тұлға дегенде, оның жеке басындағы баланы оқытып білімдер етерлі түрлі қасиеттерді айтады. Солардың бірі – оның балаға деген сүйіспеншілік.

Бұл туралы кезінде көптеген педагогтар, ғалымдар өздерінің пікірлерін жазып қалдырған. Мысалы, Француздың ұлы ойшылы, педагогы Ж.Ж.Руссо, Швейцар педагогы И.Г.Песталоцци, Совет дәуірінің ұлы педагогы А.С.Макаренко мұғалімнің өз ісіне жаңа-жаңа берілу балаға деген зор сүйіспеншілікпен көрсетеді деп атап көрсеткен.

Ж.Ж.Руссо «Эмиль немесе тәрбие туралы» деген романында: «Балалық шақты сүйіңіз, оның ойына, жарық сезіміне ілтипатты болыңыздар», -деп айтқан болатын.



А.С.Макаренко: «Балаға деген сүйіспеншілікті талап қоя білушілікпен ұлғастыру керек», -деп әлде неше рет ескерткен. Ал В.А.Сухомлински «Балалармен күнделікті қарым-қатынаста болу адамға сүйіспеншілікті, сенімділікті арттырады», -деп жазды.

Ы.Алтынсарын: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім балаларды күнәламай олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін күнәләуі тиіс», -деп жазды.

Әр мұғалімге талантты болуына да болады. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Ең алдымен мұғалім жас-жасарты білімдер өмірдің әр саласымен хабары бар. әр түрлі жағдайда жол тауып шыға алатын мәтін өмірімен байланысты барлық мәселені түсініп шешіп алатын, әр түрлі сұраққа жауап бере алатын адам болуға тиіс. А.С.Макаренко өзінің талантты педагогнің деп есептемеген, бірақ көп еңбектендім, сондықтан шеберлікті меңгердім, осы сөздің бойына барып қарасаң шеберліктің негізі еңбекте екен. «Мен –деді, А.С.Макаренко 32жыл жұмыс істедім, ал азды-көпті ұзақ уақыт бойы жұмыс істеген әрбір мұғалім жасқау болмаса, шебер бола алады.. Ал, жас педагогтардың, әрқайсысы біздің ісімізді тастап кетпесе міндетті түрде шебер бола алады, ал оның шеберлігін қампалықты меңгеру оның өзінің талабына байланысты болмақ».

Адам бойына мұғалім мамандығына деген бейімділіктің болуы педагогтың шеберлікті меңгеруге көбіне көп нәрсе әсер етеді.

Бейімділік жектентің өзінде-ақ көрінуі мүмкін. Мұғалім мамандығын таңдап алудағы тек айқындалушы нәрсе балаларға деген сүйіспеншілік балалармен бірге және балалар үшін еңбектенуге ұмтылу.

Бүгінгі талапқа байланысты мұғалім өз елінің белсенді идеялық сенімді жасқартаушысы, өзі мемлекетінің

аяғына тік тұрып кетуіне орның саяси экономикалық бостандығын. Оның сүйе білетін жастарды тәрбиелеу қолына келетін мамандарды айтады.

Нағыз мұғалім деп тәрбиеленушінің ойы мен жүрегіне жол таңған ұстазды айтады.

Мұғалім қызыметінің табысты болуы, оның оқу және тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін жете түсіндіруіне байланысты. Мұғалім оқушыларға саналы тәрбие, жан-жақты білім береді, олардың көзқарасын қалыптастырады, дүние танымын дамытады, еңбек пен қозғамға деген сүйіспеншілігі мен ынтасын тәрбиелейді.

Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі деп әсіресе педагогтың ізденімпаздығын, талмай оқитындығын, білуге деген құмарлығын, артық білуге ұмтылуын айтады. Басқа мамандық иелерінің мұғалімнен айырмашылығы өз алдымен оның өз жұмысында білімін ұлғайтуға, тереңдетуге айрықша педагогикалық бағытталғандығы қабілеті болған табылды. Ғылыми материалмен жұмыс істей отырып, мұғалім әрдайым оны педагогикалық ой елегінен өткізуге тырысады, бұл арада ол оқушылардың өз пәніне деген ынта-ықыласын дәл қалай түзгізын, тереңдету жазғын ойлайды.

### **Мұғалімге қойылатын негізгі талаптар**

С.Б.Елканов мұғалімге қойылатын талаптардың үш тобын бөліп көрсетті:

1. Мұғалімнің жеке басының ізгіліктілік бағытталғандығы, қозғамды, борыштылық пен жауапкершілік сезімі.
2. Кәсіптік мамандық даярлығы, терең де тиімді жапты ғылымдық білім. Өз пәнін ғылымын игеру, оны оқыту методикасын, психологиясын, педагогикасын меңгеру.

3. Педагогикалық технологияны игеру.

**Ұстаздық қызметке қажетті негізгі  
ойындар мен іскерліктер**

Құрастырушылық–педагогикалық қызметті жоспарлау.

Диагностикалық–ерекшеліктерін зерттеу, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін шығармашылықпен іздестіру.

Танымдық (гностикалық) әректің «vivid» - логос білім, ілімі – мұғалімдік қызмет – жас жеткіншектер үшін білім алудың негізгі көзі.

Қарым-қатынастық «коммуникативтік» - «мұғалім мен оқушы» жүйесінде қажетті қатынасты қалыптастыру.

Ұйымдастырушылық–оқушылардың мейлінше дамуын жүзеге асыратын оқу-тәрбие процесінде әр түрлі әрекеттерді басқару.

Реттеушілік–ынталандырушылық процесстің белгіленген жоспарға сәйкес жүргізілуі туралы хабарлар жинақтау; осы хабарға сәйкес оқушыларды қызметке ынталандыру жүйесін қосу. Алғашқы жоспарға өзінің қызметін немесе іс-әрекетін, болмаға оқушылардың іс-әрекетіне түзетулер, қосымшалар, өзгерісті ерлендіру, реттеу. Бақылаушылық бағалаушылық – тәрбие процесімен іскерліктің іс-әрекетіне үздіксіз, ағымдағы қорытынды бақылау жасау, тексеріп отыру, бағалау.

**Ахмет Байтұрсынұов:** «Ең ауелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдісіменен хабардар, оқыта білетін мұғалім»,

### **Ұстаздық шеберлік компоненттері**

- Психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімдарлығы, өз пәнін еркін терең игеру.
- Мұғалім мамандығына бейімділігі педагогикалық қабілеттілігі.
- Кәсіптік көрегендігі.
- Педагогикалық сүйіспеншілік пен балаларға деген сенімділігі.
- Ұйымдастырушылық шеберлігі.
- Оқу-тәрбие процесінде кездесетін қиындықтарды жеңе білу, шешімді дұрыс әрі уақытылы қабылдай алу.
- Ұстаздық сезімталдығы, үлкен жүректілігі.
- Педагогикалық техника

### **Педагогикалық техника құрамы**

- Тіл мәдениеттілігі, сөзді орынды пайдалана білуі, сөйлеу шеберлігі.
- Ұстаздың сырт бейнесі; киім киюі, өзін-өзі ұстау мәдениеті.
- Бет құбылысы, ишара, ымыран, қимыл-қозғалыстар арқылы сезім қатынасын көрсете білу.
- Иікі жасай-күйін, сезімдік көңіл-күйін, мінез-құлқын игере білу. өзін тежей алу. Қажетті жерлерінде педагогикалық ашу-ызаны пайдалана білу.
- Қарым-қатынас жасай білу қабілеттілігі.
- Оқушылардың іс-әрекетін, қызметін, ұжымдық шығармашылық ізденісті ұйымдастыру
- Ұстаздық сезімталдық, интуиция шығармашылық өрлеу, бағыттылығы серіктігі.

Педагогикалық қызмет адамзат еңбегіндегі күрделі сапалардың бірі. Мұғалім шешуге тиісті міндеттерге оның қозғам үшін маңызды функциялары мен қызметінің күрделілігіне қарап, қозғам мұғалімнің жеке басына және кәсіптік қасиетіне жоғары талап қояды. Мұғалімдер меңгеруге тиісті неғұрлым елеулі жеке қасиеттерді атап өтейік:

*Идеялық шығыны саяси кемелдену, жоғары саналы*

*Әлеуметтік жауапкершілікте жоғары дамыған сезім.*

*Ізгілік, интеллектуалды, жетілу және моральдық-пазальық, яғни қозғамның бала бойына сіңіргісі келетін өзін-өзі байыптылығы сияқты адамгершілікке сәйкес болуы.*

### Қасиеті

*Құрметтеу, белсенділік, шығармашылық салмақтылық, адалдық, талаптылық, мақсаткөздеушілік, ердек сүйгіштік, ғылыммен айналысу, мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілік және-жақты, мәдениетті, т.б.*

Мұғалімнің маңызды қызметі – оқыту, білім беру, тәрбиелеу, тәрбиелеу процесінде жеке тұлғаны қалыптасыру.

### Мұғалім мамандығының өзіндік ерекшеліктері

- 1. Мұғалім балаға беретіннің бәрін өзі және-жақты білуі керек*
- 2. Жоғарғы жауапкершілік*
- 3. Жеке тұлғаны қалыптастырушы /тәрбиелеуші/*

В.Дальдың «Түсінідірме сөздігінде» мұғалімге «тәлімгер, оқытушы» деген анықтама берді. Яғни оның екі негізгі функциясы – оқышылардың әлеуметтік тәжірибесіне қабылдау мен іске асыруын басқару және азаматтың жынақпаған білімдерін тарату атап көрсетіледі. Мұғалімнің бұл екі функциясы адамзат тарихы барысында мұғалім ретінде шыққан орта асырдағы ақсүйек педагогтарда ең негізгі болып келеді.

Қоғамның дамуына және өскелең тәрбие жүйесіне қойылып келген нақтылы мақсаттар мен міндеттерге байланысты тәлімгерлік оқытушылық функцияларының мазмұнын өзгертеді.

Мұғалімнің орнымен дамыған қоғамның жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісіне тәрбиелеушінің барлық жүйесін және оның негізгі буынына жалпыға бірдей орта мектепті дамытып, жетілдіре түсуге беріп отырған аса зор маңызымен айқындалады.

Мектеп жеткіншек ұрпақты тәрбиелейді. Іс жүзінде асыруға негізгі мемлекеттік тәрбие мекемесі мектептердің алдында қоғамның қойып отырған айқын міндеттері тұр. Мектеп оқушыларының білім ұғым дағды жүйелерімен қаруландыру – олардың дүниетанымын, адамгершілік негіздерін, қоғамдық мінез-құлықтың белгілі айқын дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі жағдайда мектепке қоғам тарапынан талаптар өсіп келеді. Бұл қоғамда балаларды өмірге дайындаудағы өскелең талаптарға байланысты. Жаңа адамды қалыптастыру, жеке адамды жан-жақты дамыту программалық міндеттерді шешудегі маңызды роль мектепке берілген.

Оқушыларды тәрбиелеу мектептен тыс ықпалдар мен мектептің арасында елеулі бәсекелесу жүреді. Оқу мен тәрбиелеудің мемлекеттік программасын жүзеге асыруда мектептің жүйелендірілген оқыту мен тәрбиелеудің процесін ұйымдастыруға қабілеті келетіндігін көрсетеді. Осы орайда шешуші роль мұғалімге беріледі.

Қазіргі мектепте мұғалім бір қатар функциялар орындайды. Мұғалім сыныпта оқу процесін ұйымдастырушы. Ол оқушылар үшін сабақ үстінде қосымша сабақ және консультация кезінде оқу процесінен тыс уақытта да білімнің қайнар бұлағы.

Мұғалімнің көпшілік сынып жетекшілік функциясын атқарады, яғни тақсир процесінің ұйымдастырушылығы болады. Қазіргі мұғалім әлеуметтік психолог болуы мүмкін емес, өйткені оған оқушылардың өзара қарым-қатынас реттеу, балалар ұжымы әлеуметтік психологиялық механизмдерін пайдалана білу қажет. Мұғалім педагогтың ұжым мүшесі ретінде мектеп ұжымы қызметін ұйымдастыруға қатынасады, пән мұғалімдерінің сынып жетекшілерінің методикалық бірлестігінде жұмыс істейді. Мұғалім ата – аналармен көпшілік алдында лекция оқи және әңгімелей отырып, педагогтік және саяси білімдер хатшысы болады. Осындай көп нақты функцияларға байланысты мұғалімнің жеке басына қозғалыс қойып отырған жаңа-жаңа талабы өте айқын.

Мұғалімнің кәсіби мамандығына қойылатын негізгі талаптар:

- қозғалыс алдыңғы қатарлы идеяларын игеру;
- жаңа-жаңа білімдерлік, өмірдің әртүрлі саласына хабардар болуы;
- педагогикамен байланысты пәндерден-психологияны, ЖСПП, физиология, анатомия, мектеп гигиенасы, мектеп таңу пәнін жақсы білуі керек;
- оқытатын пәні, соған байланысты ғылымдарды, олардың жетістіктерін, ағымын жақсы білу;
- жұмысына шығармашылық көзқарас;
- баланы жете білу, олардың жаңа-дүниесін түсіну педагогикалық сәлем /оптимизм /;
- педагогтік техниканы меңгеру /қисынды, мәнері сөйлей білу/;
- педагогтік әдептілікті меңгеру /тақатыны/ меңгеру;
- балаға деген сүйіспеншілік пен әділдік;

## Қабілет

1. Ұйымдастырушылық қабілеті  
Оқушыларды сабаққа ұйымдастыра білу
2. Дидактикалық қабілеті  
Оқу материалын ірікті іріктей білу
3. Перспективтік қабілет (байланыстық)  
Тәрбиелеушінің ішкі жән-дүниесін білу. Психикалық жән-дүниесін сыңарту.
4. Коммуникативтік қабілет (байланыс)  
Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасау.
5. Сүресистік қабілет (беделдік)  
Оқушылардың беделіне эмоционалды еріктік ықпал ету арқылы жету.
6. Зерттеушілік (академиялық) қабілет  
Педагогикалық зерттеуді шешу, бағалай білу.
7. Ғылыми танымдық қабілет (академиялық)  
Ғылыми білімдерді білу, тану.
8. Сөйлеу қабілеті  
Дауыс тоны дұрыс болуы керек. Дұрыс сөйлеу керек.
9. Елестете білу қабілеті  
Сабақты алдын-ала елестету, алдын-ала дайындау.



## **Бастауыш мектеп мұғалімі**

Бастауыш мектеп мұғалімі - ерекше тұлға. Өйткені ол балалар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарайшы. Сондай-ақ ол баланың психикалық құпияларын жемтік біле отырып, білім береді, оны адам болуға үйретеді. Бастауыш мектеп мұғалімінің еңбегін өзінің мәнділігі бойынша ешқандай өзге еңбектен салыстыруға болмайды, өйткені ол еңбектің нәтижесі- адам. Ең білгір, ең жауапты, ең негізгі болып табылатын сол мұғалімге отбасы мен қоғам ең қымбаттысын, өз елінің азаматтарының таздырын, оның болашағын табыс еткен. Мұғалімдік қызмет әрбір оқушының, жеткіншек ұрпақтың қоғам мен мемлекеттің таздыры үшін жауап беретіндігімен сипатталады. Бүгінгі мұғалім еңбегінің нәтижелері қандай болса біздің ертеңгі қоғамымыз да сондай болмақ әрбір адам мен бүкіл халықтың таздыры тәуелді дәл осындай өзге қызметті көзге елестету қалы.

Бастауыш мектеп мұғалімі оқушыларға мәдени құндылықтар арқылы тәрбиеленгенде, оған қазіргі өмірде адамдардың өмір сүру тәжірибесін көрсетіп, өзінің өмірлік жолын таңдауға оның саналы іске асыруға бағыттау қажет.

Мұғалім тәрбие жұмысының мақсатын саналы түсініп, оны жаан-жақпы талдап отыруға міндетті. Тәрбие мақсаты педагогикалық стратегияны, міндеттері педагогикалық әрекетті білдіреді. Тәрбие мақсаты педагогикалық әрекетті білдіреді. Тәрбие мақсаты мұғалімге үнемі бағдар береді және тәрбиенің жапты бағытын анықтайды. Ал міндеттері оқушылармен атқарылатын жұмыстың мазмұнын, әдісі, түрін және өмірлік мәселелерді шешуді көздейді.

Мұғалімге мәдени тұрғыдан қойылатын талаптар мынадай: оның іс-әрекеті, қымыл, тұлға бойы мәдениетке үйлесімді өмір үлгілі-енегелі, рухани санасы жоғары болуы қажет.

Педагогиканың іргелі мәселелері іс-әрекеті арқылы танымын жетілдіріп тәрбие мен адамгершілік құндылыққа ие болады. Оқушының мынадай қабілеттерін қалыптастыру қажет: өмірлік мақсатты көздеп білу, адамдық қадір қасиетін сақтау, қоғамдағы өз орнын таба білу.

Бастауыш сынып оқушыларының ерекше қасиеттерінің бірі – үздіксіз дамуға бейімділігі мен жаңалыққа жан құмарлығы. Осы кезеңге қолайлы сәттерді тиімді пайдаланып қалу үшін сабақтан тыс, мектептен тыс жүргізілетін үйірмелері мен тәрбие тарапының ерекше маңызы бар. Әсіресе, сабақтың жалғасы болып табылатын пәндік техникалық жаратылыстану, көрне- өнер үйірмелері баланың өз бетінше дамуына қосымша практикалық іскерлік дағдылары болады.

Бастауыш саты оқушыларының қасиетін дамытуда тәрбие жұмыстарының ықпалы зор. Оқушы бойындағы мәдени құндылықтарды әлеуметтік қатынас, адамгершілік қатынас, эстетикалық қатынас, ден мәдениетін жетілдіру көзделеді.

Оқушылардың жан-жақты дамыту мәселелері бүгінгі қоғамның негізгі міндеттерінің бірі. Оқыту арқылы оқушыны дамыту А.С.Выготский, А.В.Заяков, В.В.Давыдов, Ж.Асанов және т.б. еңбектерінде негізгі орнын алады. Бастауыш саты оқушыларының қасиеттерін дамытуда отбасы, мектептен тыс мекемелер, сыныптан тыс уақытта, жүргізілетін іс-шараларды кіріктіре ұйымдастыру арқылы дамыған жөке тұлғаны қалыптастыру жұмысшілігі бар екенін анықтап отыру.

Бастауыш сатыда сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар негізінен: оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін ары қарай дамытуға мүмкіндік жасау. Оқушының қоғамдық белсенділігін дамыту оқушылардың өзара қарым- қатынасын қалыптастыру белгілі бір

еңбекке баулу, оны дамытуға ықпал ету көзделеді. Оқушыларды жан-жақты дамытуда сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының (ерікті курстар, үйірме, саяхат және т.б.) тәлімділік мәнінің зор екенін ғылыми тессиялық еңбектерді және мұғалімдердің іс-тәжірибесінде дәлелденіп отыр. Соңғы кезде нарықтық қатынасқа байланысты мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысының өз дәрежесінде жүрмеуі және басылым беттерінде сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты ғылыми-әдістемелік еңбектердің сирек жарияланатынын аталған шараларды жүзеге асыруға өз кедергісін тигізіп отырғаны байқалады. Сондықтан сыныптан тыс тәрбие жұмысын және үйірмелерді бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, нарықтық қатынастарға және ұлттық ерекшеліктерге байланысты қарастыруды қажет етеді.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен сөзіннің дамуы қуатты жүретін, ерекше қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш мұғалімі үздіксіз білім берудің алғашқы басқыншы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлесу, оқу, қиындаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрінде бақылап талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетін үйретеді. Дамыта оқытудың да басты мақсаты баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену, өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп өзінің саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларының зейіні тұрақсыз, импульсивтік қабылдау мүмкіндіктері әртүрлі болады. Дегенмен, әр баланың әр нәрсеге бейімі болады. Бейімділік оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады.

Республикамызда білім беру жүйесіндегі жүргізілетін реформалардың мақсаты нарықтық экономика жағдайын ескере отырып, сапалы сапалы өзгерістерін қамтамасыз ету. «Білім беру реформалау осы саладағы жинақталған оң әлеуметті сақтаудың негізінде осы процесті тереңдету мен дамыту үшін жаңа құқықтық ғылыми әдістемелік, қаржы материалдың жағдайларын жасауды және тиістіше кадрмен қамтамасыз етуді талап етеді», - деп мемлекеттік білім бағдарламасына көрсетіледі.

Ұстаздық қызметі табысқа жету үшін бітіруші мамандар терең әрі мең білім алып әдістемелік толық қаруланды жазарғы мәдени деңгейі болуы тиіс. Сонымен қатар қызметті шығармашылық сипатта болады. Себебі, бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы олардың қабілеттерінің дамуына кең жол ашады. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ынталылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізу керек бастауыш сынып оқушыларында оқу қызметі жаңадан басталады, мұны дамытушы қызмет ретінде қарастыру қажет. Оны ұзақ жылдар бойы жетілдіріп сабуу керек. Егер де бұл үрдіс ойластырылған дағдудың педагогикалық негіздерін толық игере алады. Мұнда негізгі ауыртпалық толық бастауыш сыныпқа жүседі. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімдері шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу

үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа аулым, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Бастауыш сынып оқушылардың белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларын меңгертумен бірге адам қоғам, табиғат қоршаған дүние туралы танымдарын қалыптастыру жеке бастың жоғарғы адамгершілік принциптерге тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең басты мәселесі болып табылады. Қазіргі кезде қоғамда болып жатқан өзгерістерді ізгілендіру процесі- баланың еркін дамуының белсенді шығармашыл болуын талап етеді. Мектеп бітірген баланың өмірінде кездесетін сан-түрлі қиыншылықтарда қиналмай өтуі оның ақылғының, еркін, сезімінің және оның жалпы дамуының деңгейіне байланысты. Сондықтан да бастауыш сыныптардағы білім беру жүйесіне ерекше мән беруіміз қажет. Себебі білім негізі бастауышта қаланады.

Бастауыш сынып мұғалімі ең алғашқы күннен бастап өз шәкіртінің психологиясын жақын-жақын зерттеп тілі мен ойын одан әрі дамытуға, еркін сөйлей алуына өз ортасында жақсы қарым-қатынаста болуына басты қадамдар жасап, оны жапғастырудың, дамытудың жолдарын іздестіру керек.

Осылайша, бастауыш мектеп мұғалімі қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болуы қажет.

## Қазіргі кезеңдегі мұғалімге қойылатын талаптар

Мұғалімдері қандай болса, қоғамы да сондай деген бұқжымас заңдылық ерте уақыттардың өзінде-ақ белгілі болды.

Көптеген әдебиеттерге талдау жасау барысында бастауыш мектеп мұғаліміне қажет бірқатар қабілеттердің негізгі топтарын атап кетсек. Олар:

1. Ұйымдастырушылық. Мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру, міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау, атқарылған істің қорытындысын шығару және т.б. біліктерінен байқалады.
2. Дидактикалық. Оқу материалын көрнекілік, құрал-жабдықтарды іріктеу және дайындау; оқу материалын ұзындығы, анық, мәнерлі, сенімді және бірізділікпен баяндау, танымдық қызығушылықтар мен рухани қажеттіліктердің дамуын ынталандыру, оқу-танымдық бағсенділігін арттыру және т.б.
3. Рецептивтік. Тәрбиеленушілердің рухани әлеміне ене алу, олардың эмоциональдық көңіл-күйін объективті бағалау, психика ерекшеліктерін анықтау біліктерінде көрініс береді.
4. Коммуникативтік. Мұғалімнің оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сәйкес қарым-қатынастар орната алу білігінен байқалады.
5. Суггестивтік. Оқушыларға эмоциональды-еріктік ықпал жасаудан көрінеді.
6. Зерттеушілік. Педагогикалық ситуациялар мен процестерді танып білу және объективті бағалау білігінен көрініс береді.
7. Ғылыми-танымдық. Мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме салаларындағы жаңа ғылыми білімдерді меңгеруге қабілеттілігіне саяды.

Мұғалімдер арасында жүргізілген толым жеткен сауалнамалар нәтижесі бойынша жетекші педагогикалық қабілеттерге педагогикалық қырағылықты (байқарғыштық) жеткізуға болады, ал дидактикалық ұйымдастырушылық, экспрессивтік, басқалары қосалқы, көмекші топқа санала алады.

Педагогикалық қабілеттерді талант, ікемділік, бейімділік педагогикалық алғы шарты деп есептеуге тура келеді, алайда олар тіпті де шешуші кәсіби сипат емес. Мұғалім – ол қашанда ұлы еңбеккер.

Гуманизм – бұл мұғалім үшін міндетті сана және өсіп жетіліп келе жатқан адамға жер бетіндегі жоғары құндылық ретінде қарым – қатынас жасау, бұл қарым – қатынасты олар нақты істер мен қылықтарында көрсетеді.

Мұғалім мамандығында тұлғалық сипаттар кәсіби сипаттардан ажыратылмайды. Кәсіби сипаттар арнайы білімдер, біліктер, ойлау жолдары, әрекет әдістерін игерумен байланысты.

Өзінің кәсіби еңбегіне сүйіспеншілік - өз ісіне адалдық пен аямай берілгендік, тәрбие нәтижелеріне қол жеткізгенге қуану, өзіне, өзінің педагогикалық мамандығына ұдайы арттырып отыратын талап қоюшылық деп санаймыз.

Өзге мамандықтарға дәл осы мұғалімдік секілді соншалықты жоғары талаптар қойылмайды.

Сондай-ақ, бартауыш мектеп мұғалімінің жұмысын талдауда мұғалімдік шеберлік деп аталатын интегральды біріктірілген сана алдыңғы орынға шығады. Педагогикалық шеберліктің анықтамасы көп. Ең жалпы мағынада ол – тәрбиелеу мен оқытуды жоғары және ұдайы жетілдіру өнері. Шеберліктің негізінде мұғалімнің

жеке мәдениеті, білімі мен ой-өрісінің педагогикалық техникамен, сондай-ақ алдыңғы озық тәжірибемен ұштасып қорытылуы алынған. Шеберлікті меңгеру үшін көп нәрсені білу және істей алу қажет. Теорияны білу, оқу тәрбие процесінің тиімді технологиясын пайдалана білу. Оларды нақты жағдай үшін дұрыс таңдау, тиісті деңгей мен мен сапаны белгілеу, болжау және жобалай алу қажет.

Педагогикалық шеберлікті құрайтындар аз емес. Ол, ең алдымен, оқу процесін барлық тінті жазымсыз жағдайлардың өзінде қажетті деңгейдегі тәрбиелік даму және білімге қол жеткізуге болатындай етіп ұйымдастыру білігінен көрінеді.

Мұғалімнің шеберлігі, әсіресе, сабақтарда үйрену білуден байқалады.

Шеберліктің нағыз бір маңызды көрсеткіші – ол, оқушылардың белсенділігін арттыра алуы, олардың қабілеттерінің өз бетімен жұмыс істеуін, білуге құмарлығын дамытуы, балаларды сабақта ойлануға мәжбүр ете білуі.

### **Бастауыш мектеп оқушыларының өзара және мұғаліммен ара қатынасы**

Біріккен оқу процесінде мұғалім балалардың жаңа өзара қарым-қатынасын қалыптастырады. Мектепте өткен бірнеше аптадағы соң бірінші сынып оқушыларының көпшілігі ұлшартығы жойыла бастайды. Балалар бір партада отыратын көршілерінің мінез құлқына байланып қарай бастайды. Өзінұнататын немесе мүдделері сәжес келетін бір сыныптас балалармен қарым қатынас жасайды. Бағдарлардың алғашқы кезеңдерінде балалардың бір бөлігінде оларға тән емес белгілері көріне бастайды. Біреулерінде шамадан тыс түйықтық, екіншілерінде-



әдепсіздік, т.б. Бірақ балалармен өзара қарым-қатынас орнату барысында әрбір оқушы өзінің шын мәніндегі даму ерекшеліктерімен көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасына тән белгі олардың достығы, әдетте, өмірдің сыртқы мақсаттарымен кездейсоқ мүдделері ортақтастығына негізделеді.

Бастауыш мектеп оқушысының сағасын әзірше құрдастарының пікірі өзін-өзі шын бағалаудың критеріі болатындай деңгейге жетпейді. Әрине, тоғыз-он жастағы балалар оларға бірге оқитын балалар ептілігі, зоректілігі, батылдығы үшін берген бағаға өте ынталы және егер бұл баға өз қалағанынан басқаша болса, қатты қынжылады. Бірақ мұндай қынжылыстар ұзаққа бармайды немесе бастысы, оларды мұғалім немесе басқа үлкендердің тарапынан берілген бағалау мен алмастыру оңай. Бастауыш сынып оқушысы үшін мұғалімнің пікірі мейлінше елеулі және үзілді-кесілді болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушылары мұғалімнің беделін сөзсіз мойындайды. Олар мұғаліммен әртүрлі: кездейсоқ қарапайымнан бастап өте маңызды да дара себептермен сөйлеседі. Балалар өздерінің қым-қаржысын, қынжылыстармен, үйдегі оқиғаларын мұғалімдермен ашық бөліседі. Ренжіген жаздайда киші мектеп оқушысы мұғалімге айтады, өйткені мұғалім барлығының адамгершілік төрешісі ретінде көрінеді.

Мұғалім мамандығы жасандылыққа уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Жаңадан адамды тек жаңа адам ғана тәрбиелейді тиіс. Мұғалім балаларды болашақ туралы арман мен жігерлендіру үшін, алдыңғы мағлұматтарға қазірден үйрететін болашақтың адамы. Егер былай десем қателеспес едім деп ойлаймын: мұғалімнің өзі тұлға болуы тиіс емес немесе өнегелі адамды тек өнегелі адам ғана тәрбиелейді; оның өзі биік парасытты тек ізгі жас дүниесімен ғана бағаға

дарынша болады. Ол міндетті түрде жаңа жақты, сауатты және тәсілдерінің адамы болуы тиіс немесе танымға беген ұмарлық отымен өртенген адам ғана құштарлық отын тұтқындыра алады.

Мұғалім патриот және интернационал болуы керек немесе Отанға деген сүйіспеншілікті өз Отанын сүйетін адам ғана оята алады. Мұғалім балалармен сөйлескен кезде жалған, айналы лебіздерге, дәрежелікке, төзімсіздікке ашу-ызаға жол бермеуі тиіс. Балаларға жас-жас дауыс көтеріп, өзін-өзі ұстай білетін ұстаз оқушыларды кіші-нейілдікке, ізеттілікке үйрете алмайды.

Бастауыш сынып оқушыларының белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларын меңгертумен бірге адам, қоғам, табиғат, қоршаған дүние туралы танымдарын қалыптастыру жеке бастық қасиеттерін жаңа жақты дамыту жоғарғы адамгершілік принциптерін тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең басты мәселесі болып табылады. Қазіргі кезде қоғамда болып жатқан өзгерістерді іздестіру процесі – баланың еркін дамуының белсенді шығармашылығы болуын талап етеді. Мұндай жұмыс түрлері жүйелі ұйымдастырылғанда ғана жоғарғы көрсеткіштерге жетуге болады.

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы.

Тақырыптық және сабақ жоспары.

Сабақ ғылыми - әдістемелік деңгейде өткізу үшін мұғалім өзінің жұмысын жоспарлау тиіс. Оқыту жұмысы тақырыптық және сабақ жоспары бойынша жүргізіледі. Тақырыптық сабақ жоспар оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары негізінде жарты немесе толық оқу жылына жасалады. Сабақ жоспары – бұл әр сабаққа жасалады, ол оқу мақжысын жоспарлардың негізгі формасы.

Жасалған сабақ жоспары бойынша мұғалім:

а) сабақ тақырыбы бойынша оқулықты, оқу құралдарын және түрлі қосымша әдебиеттерді пайдаланып өзінше білімін (дайындығын) тексереді;

а) алдын ала әңгімелер шығарады, жаттығулар бойында тәжірибелерді істейді;

б) жабдықтарды тексереді.

Сабақты егжей-тегжейіне жете қарап өткізуді дұрыс өйластыру, оның мақсатының табысты болуына кепілі. Сабақты жоспарлау негізінде өткен сабақтың нәтижелерін, есепке алып мұқалім әрбір сабаққа дайындалады. Ең алдымен сабақ тақырыбын және оның міндеттері анықтайды. Сабаққа дайындалудың басты компоненттерінің бірі – оқу материалын таңдап алу. Бұл жерде сабақтың идеялық ұғымдар, заңдылықтар тарихи және политехникалық мәліметтер айтылады. Мұқалім сыныпта оқушылардың таңымдық іс-әрекетін ұйымдастыруды ойластырады, оқытуды ұйымдастыру формалары мен функциялары пайдаланылады.

Сабақта оқыту әдістерін тақырып мазмұнына оқушылардың мүмкіндіктерін сәйкес таңдап алу сол сияқты көрнекі және техникалық құралдарды күні бұрын дайындау сабақ мақсатының жемісті болуының негізгі шарттарының бірі.

Келесі сабаққа дайындалу үшін бүгінгі өткен сабақты талдау қажет. Талдауда қандай мәселелерді еске алған жөн:

- тақырып мазмұнын оқушылар қалай игереді;
- сабақта қолданылған оқыту әдістерінің тиімділігі;
- сабақтың дидактикалық және тәрбиелік міндеттері қалай шешіледі;
- сабақтың жақсы жақтары мен кемшіліктері;
- сабақтың процесінде болған кемшіліктерді келесі сабақта болдырмау жолдары;

Сабақтың осындай тәсілдерді пайдаланып өткізу мұғалімнің ғылыми - әдістемелік зор педагогикалық шеберлігін сипаттайды. Ал педагогикалық шеберлік дегеніміз оқыту мен тәрбие жұмысын жүргізудің ерекше өнері. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың бірнеше жолдарын атауға болады.

Мұғалім өз пәнін терең біліп қана қоймай, оны оқытудың әдістері мен тәсілдерін де үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Ол озат мұғалімдердің іс тәжірибелерімен танысады. Педагогикалық оқуларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады. Мұғалім, әсіресе өз мамандығына байланысты және жаңадан шыққан әр түрлі әдістемелік еңбектерді үнемі оқын зерттейді, тиімді етіп пайдаланудың әдістерін, сара жолдарын іздестіреді.

### **Мұғалімнің мәдениеті**

Атақты педагог ғалым А. С. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шымтырығы мол рухани жаңа дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік нағыз педагогикалық өнер ол даналықтың жүректенен ұса білу болып табылады», - деп, ұстаздық өнерге ерекше баға берген.

Жас жатекшілерге тәрбие беру ісінде мұғалімнің атқаратын міндеті зор. Адамгершілік, әдептілік,

шамдылыққа тәрбиелеу ісінің жеке өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары бар.

Мұғалімнің адамгершілік тұлғасының эстетикалық мәдениетінің сапалы жақтары А.Жақынбаевтің, С.Ұзақбаеваның, А.С.Макаренконың т.б. жаңашыл педагогтардың еңбектерінде эстетикалық тәрбиенің аса маңызда факторлары ретінде қарастырылады.

Мұғалімнің сыртқы келбеті, мәдениеті өзін басқару шеберлігі басқару техникасы туралы өзі болғанда мұғалімнің моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптарда оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен сипатына қарай күнде өткен сайын жаңарып, жаңа сипат алып отырғандығын естен шығармауымыз керек. Мұның өзі қоғамның үздіксіз дамуына, ғылым мен техниканың өркендеуімен туындап отыратын нәрсе.

Оқушылардың эстетикалық мораль рухани тәрбие ісін жетілдіру үшін мұғалімнің ең алдымен эстетикалық мораль ұстанымдары мен нормаларын өзі толық меңгеріп, олардың моральдық тәрбие ісінде ұштастыра білу керек.

Жас бұрын өкілдерінің арасында біздің моральға жат қылықтары кездесе қалса, онда оның объективті және субъективті жақтарынан түсіндіре аламыз. Бұл себептердің ішінде мұғалімнің тәрбиеші ретінде қызметі елеулі орын алады. Мұғалімнің рухани дүниесін зерттеу, оның қызметін жан-жақты әрі терең талдау жасау-қазіргі педагогика ғылымының басты міндеті. Педагогикалық жұмыста мақсаты тәрбие ісі мұғалімнің тәрбиелік қызметі арқылы іске асады. Ағартушы педагог ғылымдарының (С.Қалиев, Ә.Нысанбаев, Қ.Жарықбаев, Ш.Т.Тарбаев, И.М.Ломоносов, т.б.) еңбектеріне сүйене отырып мұғалім мәдениеті шеберлігін, интеллектуалдылығын төмендегідей бөліктермен санықтауға болады деп есептейміз.

1. Мұғалімнің сыртқы келбеті, мәдениеті

2. Мұзалимнің өзін-өзі басқару шеберлігі
3. Мұзалимнің мимика және пономималық шараларының (жест) мәнерлі негіздері
4. Мұзалимнің мәдениеті, әдебі, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеттері, демалуы, дауыс оқиясы, интонациясы

Бірінші мәселе бойынша сыртқы бейне мәдениетіне тоқталатын болсақ ол төмендегідей сипатталады

#### Сыртқы бейне мәдениеті

1. Тұлға: тік; тік және еркін отыру; қыптылық, жынақылық
2. Киім: ұқыптылық; қарапайымдылық; түсінікті гормония (өзіңе жарасымды киім-кеш); киімнің жас шамасына, сабаққа және жұмысқа сәйкестігі; сән үлгілеріне сәйкес; сәндік (алқа моншақ сағана) дұрыс пайдалану
3. Грим
4. Шап үлгісі (ұқыпты жынақы)
5. Мимика: өзіне-өзі сенімділік, сабырлық, сөйлескендегі көз қарасыңыздың әңгімелеушіге бағытталуы; эмоция мәнерлілік; бет әлпетінің айтар айға сәйкестігі
6. Пономимика: жест (табиғаттылығы); жүрістің ритмикалық жеңіл, айқын болуы; қозғалыс (еркін); қозғалыста селқостық болдырмау, әр уақытта сергек жүру; шусыз отырып, тұру.

#### Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті

1. Қарым-қатынас сабырлы, мәнерлі, мейірімді танының сақталуы: әңгімелеушіні тыңдай білу; сұраққоя білу; өз сөзіңді талдай білу; басқа адаммен бірінші болып қарым-қатынасқа түсуді үйрену; келесі адамды түсіне білу; кез-келген жағдаяттың қарым-қатынаста өзіңді бағалай білу.
2. Көрермендермен (тыңдаушылармен) қарым-қатынасқа түсуді үйрену: аудиторияға қарат

жұмыс істеу; тыңдаушылардың реакциясын бақылау және т.б.

3. Өз сөзіңмен аңгімеге келесі адамды елітіп кету: еркін және конспектіге қарамай сөйлеуге үйрену; сөйлеуге, аңгімеге бастар алдында мұғалімнің сыртқы келбеті аңгімеге дайындығының, тыңдаушының аңгімедеген көз қарасын түсінуге ынталарлығын көрсетеді, өзінің сезімін аңгімелесушінің немесе тыңдаушыға бере алу қабілеті.

#### Өзін-өзі басқару, бақылау.

1. Артық қобалжу, артық өзіне күш түсіруден аулақ болу.
2. Сөйлер алдында пайда болатын шешімсіздікті жеңіп білу.
3. Жұмыста өзіңді іске шоғырландыру.
4. Стрестік жағдайларда өзіңді-өзің ұстай білу.
5. Әрдайым жақсы көңіл-күй атмосферасын жасауды үйрену.

#### Сөйлеу мәдениеті

1. Сөз екпінін сақтаусөздің грамматикалық дұрыстығына көңіл бөлу
2. Лексикологиясы (сөз байлығы)
3. сөздің мәнерлілігі, бейімділігі
4. Сөйлеу техникасы
  - а. Сөйлеудегі дауыстың маңызы оның тәрбиелеу жолдары
  - ә. Динамика
  - б. Екпінділік білу
  - в. Дауыс ырғағы (интонация)
  - г. Үзіліс (пауза)

Балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атауын педагогикаға кіріктіріп пайдаланудың педагогтік әдеп болып табылады.

Әдепті адамдарды олардың кішіпейілділік, басқаны түсіне білушілік, жылы шырайлылық, тақуылық, елгезектік, өзгенің пікіріне құлақ асушылық, ұстамдылық, байсалдылық сияқты мінез құлық белгілеріне қарат табуға болады.

Педагогикалық әдеп – мұғалімнің кәсіптік сапасы және елең ететін кәсіптік белгісі. Қай мамандық болмасын оның бір белгісі айрықша болады – мұғалімнің кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогтік әдебіне жатады. Әнші үшін үн немесе музыкант үшін музыканы ұғыну қандай қажет болса мұғалім үшін педагогтік әдеп сондай қажет.

Мұғалім жұмысында педагогтік әдеп сақталмайтынша оқушылармен тіл табысу үшін оқушылардың тілін талпайтынша оқу-тәрбие үрдісінде ілгерілеу жоқ. Белгілі психолог М.Д.Лебитов атап көрсеткендей педагог әдептен құр болса оқушылардың тәрбиесіне залалы тиеді. Олардың бойында кейін түзеуге қиын соғатын неше түрлі жаман әдет-қылықтардың пайда болуына себеп болады. М.Д.Лебитовтің байқауынаша мұғалімнің әдеп әлемінен алыстығы оқушыны тұлғалыққа, сенімсіздікке, жаман оқуға бастап тәртіп бұзуға итермелейтін мұғалімге ешкім бәріне теріс істеуге бейім тұратын болып кету ықтимал.

Педагогтің әдебі ілтипаттылық, сенім білдірушілік, әділдік, төзім мен сабыр сақтау деген сияқты қасиеттерімен өлшенеді.

Ілтипаттылық Оқушылар өздері өте жақсы керетін мұғалімдер оларға дауыскөтеріп сөйлесе де көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға емес, мұғалімдер көзге алмай өтіншітерін құлақсыз, жүрдім-бардым тыңдаса да ең



болмағанда қастарыға жақындағанын білмесе де олардың көңілдеріне келеді.

Мұғалім оқушыларға жаңа материалдарды түсіндірумен қатар оларға назар аудару білу керек. Өйткені мұғалімдер тарапынан оқушыларға ілтипат болмаса олардың араларына жарықшақ саяқты түседі.

Сенімділік. Педагогикалық әдеп мұғалімнің оқушыларға сенім арта білу қабілетін де қамтиды.

А.С.Макаренконың пайымдауына қателесу қауіпі төніп тұрса да мұғалім оқуда болсын, тәлім тәрбие жұмысында болсын, оқушыларға батыл ойларымен ықпал жасауы керек.

Балалар мен өздерінің күштері мен мүмкіндіктерін шамалай алмайды. Олар ересектердің базасына әсіресе, өздерінен де артық сенетін мұғалімнің базасына сүйенеді. Сондықтан мұғалімдер олардың қабілеттерін базалағанда өте сақ болған жөн. Оқушылардың қабілетін асырбағалау дұрыс емес, ал оларды құлдыратын бағалау одан да оғаш.

Әділдік. Мұғалімнің қандай қасиеттерін бағалайсыз деген сауалға оқушылар көбінесе «Әділдігін» деп жауап қайтарады. Егер мұғалім әділ болса, оның үстіне әдебі мол, көңілі жайдары болса, мектепте одан беделді адам болмайтыны түсінікті.

Мұғалім «әдепсіз» деген ат оның тек әділетсіз болғандығын ғана емес, сонымен қатар оқушылармен жұмыс барысында әдеп сақтамауынан да тоқталуы мүмкін.

Мұғалім ар-ұятсіз кіршіксіз болса оқушылар оның көз келген қателігін жәшіреді. Керісінше, мұғалім әділетсіздік жасап жасап мінез көрсетсе, оқушылардың көңілдері қалып, аралары салқындауы осыдан басталады.

Тезім мен сабыр сақтау. Мұғалімнің педагогтік әдеп әлемі үшін бұл қасиеттердің маңызы үлкен, тіпті көп жазғандайда шешуші мән бар. Бұл әрине, өртеніп жатсын,

күйін жатсын еш нәрсеге ашуланбауы тиіс деген сөз емес. Ондай жағдайларда оған өзін ақылға жеңдірмей болмайды. Ашу кестінде еш қандай шешім қабылдамау керек. Сабырлық, өзін-өзі ұстай білушілік сияқты қариялар ұстаздың белсенді құалы болуы тиіс.

Қай кезең, қай дәуірде болсын адамға білім мен тәрбие беруден асқан мұрат жоқ.

Ұстаз – ұрпақ тәрбиелеп өсіруші қоғам сенген адам. Ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол. Сондықтан да болашақ ұстаздар өз ісінің қыр-сырын жетік игеру жолында жоғарыда көрсетілген кәсіптік сапаларды толық меңгерсе, бүгінгі қоғамымыздың байтаптың, дамытатын, жаңартатын адам. Тәрбиелеуге мол мүмкіндік алатыны күмәнсіз.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

1. *Ж.Е.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев: Педагогика. – Астана, 1998 ж*
2. *Н.В.Савин: Педагогика.– Алматы, 1983 ж*
3. *Е.Сағындықұлы: Педагогика (дәрістер курсы). – Алматы, 1999 ж*
4. *Қ.Бержанов, Қ.Мусин: Педагогика тарихы.– Алматы, 1984 ж.*
5. *Т.А.Ипина: Педагогика. – Алматы, 1977 ж*
6. *«Бастауыш мектеп» журналы. - 2003ж № 4, 2005ж №2*
7. *«Қазақстан мектебі». - 2003ж №5*
8. *«XXI ғасыр мектебі». - 2003ж № 5*
9. *«Ауыл мектебі». – 2003ж №3*